



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 1 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2006 ЖЫЛҒЫ 5 ҚАҢТАР

2005 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі кеңесінің бірінші отырысы болды.

Кеңестің жұмысына Қазақстан Республикасы Парламентінің, мемлекеттік органдардың, академиялық топтардың өкілдері, сондай-ақ қаржы секторының өкілдері қатысты.

Кеңес қарастырған негізгі мәселе Қазақстан ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігінің үлгісі болды. Бұл үлгі ақша-кредит саясатының экономиканың нақты секторына әсер етуінің күрделі көп арналы процесін көрсетеді.

Трансмиссиялық тетіктің үлгісі ақша-кредит саясатының негізгі макроқорсеткіштерге, оның ішінде инфляцияға әсер етуінің сандық бағалауын жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге үлгі инфляцияның тек қана монетарлық факторларға ғана байланысты емес екендігі туралы айғақты растайды.

Пікірталас барысында ұсынылған үлгі болжамдарының дәлдігі, трансмиссиялық механизмде пайдаланылатын көрсеткіштердің негізділігі, талданып отырған кезеңнің негізділігі сияқты көкейкесті мәселелер көтерілді.

Инфляцияның түрлі экономикалық факторларға тәуелділігінің теориялық негіздері әрі олардың Қазақстан жағдайларында нақты әсер етуі және трансмиссиялық тетікте көрініс табу дәрежесі талқыланды.

Отырыстың қорытындылары бойынша үлгінің одан әрі жетілдіруді талап ететіндігі атап өтілді, алайда бұл ретте үлгі жасау нәтижелерін пайдалану кезінде қандай да болмасын үлгінің әсіресе қысқа мерзімді кезеңде дәл болжамдар бере алмайтындығын ескерген жөн.

Сондай-ақ отырыста нақты сектор кәсіпорындарының мониторингі мәселесі және оның ақша-кредит саясатын жүргізудегі рөлі қарастырылды. Кәсіпорындар мониторингінің негізгі мақсаттары экономикалық талдауды және ел экономикасындағы негізгі үрдістерді қысқа мерзімді болжауды жетілдіру, сондай-ақ ақша-кредит саясатының операциялық рәсімін және құралдарын жетілдіру болып табылатындығы атап өтілді.